

Шанхай ынтымақтастық ұйымы Өңірлік терроризмге қарсы құрылымының Деректер банкі туралы келісімді ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 22 мамырдағы N 142 Заңы

Ташкентте 2004 жылғы 17 маусымда қол қойылған Шанхай ынтымақтастық ұйымы Өңірлік терроризмге қарсы құрылымының Деректер банкі туралы келісім ратификациялансын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Ш а н х а й ы н т ы м а қ т а с т ы қ ұ й ы м ы Өңірлік терроризмге қарсы құрылымының деректер банкі туралы КЕЛІСІМ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрес туралы 2001 жылғы 15 маусымдағы Шанхай конвенциясына қатысушы болып табылатын Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер,

Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің арасындағы 2002 жылғы 7 маусымдағы Өңірлік терроризмге қарсы құрылым туралы келісімді басшылыққа ала
о т ы р ы п ,

Шанхай ынтымақтастық ұйымы Өңірлік терроризмге қарсы құрылымының (бұдан әрі - Өңірлік терроризмге қарсы құрылым) тиімді қызметіне тиісті жағдайлар жасауды қамтамасыз етуге ұмтыла отырып ,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

1. Тараптар Тараптардың арнайы уәкілетті органдарының ақпараттық өзара іс-қимылын қамтамасыз ету және оның деңгейін арттыру, сондай-ақ Тараптарды Өңірлік терроризмге қарсы құрылымның құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпаратпен қамтамасыз ету мақсатында Шанхай ынтымақтастық ұйымы Өңірлік терроризмге қарсы құрылымының Атқарушы комитетінде (бұдан әрі - Атқарушы комитет) Өңірлік терроризмге қарсы құрылымның деректер банкін (бұдан әрі - деректер банкі) құрады және онда бар ақпаратты пайдаланады.

2. Деректер банкі есептеу техникасы құралдарын пайдалана отырып, автоматтандырылған ақпараттық жүйе негізінде, сондай-ақ құжаттық материалдарды қатты (қағаз) және өзге де тасығыштарда жинақтау жолымен жұмыс істейді.

2-бап

1. Тараптар деректер банкінің жұмыс істеуіне қатысты мәселелер жөнінде өзара іс-қимылды жүзеге асыратын арнайы уәкілетті органдарды айқындайды, бұл туралы

осы Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдер орындалғаннан кейін Атқарушы комитетті 60 күннің ішінде жазбаша нысанда хабардар етеді.

2. Арнайы уәкілетті орган ауыстырылған жағдайда, бұл туралы жазбаша нысандағы хабарлама 10 күн мерзімде Атқарушы комитетке жіберіледі.

3. Деректер банкіндегі ақпарат құпия және құпия емес болып бөлінеді.

4. Құпия ақпаратқа қол жеткізу Шанхай ынтымақтастық ұйымының Өңірлік терроризмге қарсы құрылымындағы құпия ақпаратты қорғау туралы келісімге қатысушылар болып табылатын Тараптарға ғана беріледі.

5. Деректер банкінің құрылымын, құпия емес ақпаратпен жұмыс істеу және оларға қол жеткізу тәртібін Өңірлік терроризмге қарсы құрылымның кеңесі айқындайды.

6. Деректер банкіндегі ақпаратты техникалық қорғауға қатысты мәселелер жеке Келісіммен реттеледі.

3-бап

1. Деректер банкі Өңірлік терроризмге қарсы құрылымның құзыретіне жататын, Тараптардың арнайы уәкілетті органдарынан келіп түсетін, сондай-ақ Шанхай ынтымақтастық ұйымының органдарынан және басқа да көздерден, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарынан, баспа басылымдарынан, телекоммуникациялық жүйелер мен "Интернет" халықаралық компьютер желісінен алынатын ақпарат е с е б і н е н қ а л ы п т а с а д ы .

2. Д е р е к т е р б а н к і н д е :

халықаралық террористік, сепаратистік және экстремистік ұйымдар, олардың құрылымы, қызметінің нысандары мен әдістері, жетекшілері, мүшелері мен осы ұйымдарға қатысы бар басқа да адамдар туралы, сондай-ақ есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының заңсыз айналымын қоса алғанда, осы ұйымдарды қаржыландыру көздері мен арналары туралы;

терроризм, сепаратизм және экстремизмнің жай-күйі, олардың таралу қарқыны мен ү р д і с т е р і т у р а л ы ;

террористік, сепаратистік және экстремистік ұйымдарға қолдау көрсететін ұйымдар мен а д а м д а р т у р а л ы ;

терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар т у р а л ы ;

Тараптардың, оның ішінде Өңірлік терроризмге қарсы құрылыммен өзара іс-қимылды жүзеге асыратын құзыретті органдардың қызметін реттейтін ұлттық з а ң н а м а л а р ы т у р а л ы ;

жасалған террористік актілер, оларды жүзеге асырудың нысандары мен әдістері т у р а л ы ;

террористік актілер жасау кезінде жарылғыш құрылғылардың (жарылғыш материалдар бөліктерінің), қарулардың, оқ-дәрілердің, уландырғыш және өзге де заттардың пайдаланылуы туралы ақпарат жинақталады.

4-бап

1. Атқарушы комитет деректер банкі үшін ақпарат алу мақсатында бір немесе бірнеше арнайы уәкілетті органға олардың кез келгенінің бастамасы бойынша да, өз бастамасы бойынша да сұратулар жібере алады.

2. Атқарушы комитет арнайы уәкілетті органдардың тиісті сұратулары бойынша 30 күннің ішінде деректер банкінде бар қажетті ақпаратты береді.

3. Атқарушы комитет тоқсан сайын арнайы уәкілетті органдарға деректер банкінде бар мәліметтер мен материалдар тізілімін жібереді.

4. Атқарушы комитеттің ақпарат беру туралы сұратуларын орындау тәртібі орындаушы Тараптың ұлттық заңнамасымен реттеледі. Сұратуларды орындау мерзімі 30 күннен аспауға тиіс.

5. Сұратуларды орындау осы Келісімнің 7-бабында белгіленген тілдерде жүзеге асырылады.

6. Арнайы уәкілетті органдар деректер банкіне ақпаратты оның түсуіне қарай жібереді, оның барынша толықтығы мен нақтылығын қамтамасыз етеді. Арнайы уәкілетті органдар берілген ақпаратты Тараптардың және Өңірлік терроризмге қарсы құрылымның мүдделеріне залал келтірілмей пайдаланады.

5-бап

Атқарушы комитет деректер банкінің жұмысын ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз етуді, соның ішінде:

деректер банкін басқаруды және оны пайдалануды;

Өңірлік терроризмге қарсы құрылымның кеңесі бекітетін деректер банкіне ену, оны пайдалану, деректер банкі үшін ақпарат жеткізушілермен жұмыс істеу және ақпаратты қорғау тәртібі туралы нұсқаулықтар әзірлеуді және орындауды;

ақпаратты қорғауды және деректер банкі аясында ақпарат алмасуды бақылауды жүзеге асырады.

6-бап

Деректер банкін құрумен, оның жұмысын қамтамасыз етумен, оны дамытумен, сондай-ақ онда бар ақпараттарды қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асырумен байланысты шығыстар Шанхай ынтымақтастық ұйымының бюджетінен Өңірлік терроризмге қарсы құрылымның қызметіне бөлінетін қаражат есебінен жүргізіледі.

7-бап

Деректер банкі орыс және қытай тілдерінде түзілуі мүмкін.

8-бап

Осы Келісімге Тараптардың келісімімен осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын және осы Келісімнің 10-бабында белгіленген тәртіппен күшіне енетін хаттамалар түрінде ресімделетін өзгерістер енгізілуі мүмкін.

9-бап

Осы Келісімді түсіндіру немесе қолдану кезінде туындайтын даулы мәселелер мүдделі Тараптардың арасында консультациялар мен келіссөздер арқылы шешіледі.

10-бап

1. Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады және депозитарий Тараптардың осы Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағандығы туралы жазбаша нысандағы төртінші хабарламаны алған күнінен бастап 30-күні күшіне е н е д і .

2. Осы Келісімнің депозитарийі болып табылатын Шанхай ынтымақтастық ұйымының хатшылығы Тараптарға оның расталған көшірмесін жібереді.

3. Осы Келісім 2001 жылғы 15 маусымдағы Терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрес туралы Шанхай конвенциясына қатысушылар болып табылатын мемлекеттердің қосылуы үшін ашық. Қосылған мемлекет үшін осы Келісім депозитарийдің оның қосылғаны туралы құжатты алған күнінен бастап 30-күні күшіне е н е д і .

4. Осы Келісім Тараптардың Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекет болып табылатын кез келгеніне қатысты күшінде қалады.

2004 жылғы 17 маусымда Ташкент қаласында бір түпнұсқа данада орыс және қытай тілдерінде жасалды, әрі екі тілдегі мәтіннің күші бірдей.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы ү ш і н
Қ ы т а й Х а л ы қ Р е с п у б л и к а с ы ү ш і н
Қ ы р ғ ы з Р е с п у б л и к а с ы ү ш і н
Р е с е й Ф е д е р а ц и я с ы ү ш і н
Т ә ж і к с т а н Р е с п у б л и к а с ы ү ш і н

Өзбекстан Республикасы үшін

РҚАО-ның ескертуі. Бұдан әрі Келісімнің мәтіні қытай тілінде берілген (қағаздағы нұсқадан қараңыз).

Осы мәтін 2004 жылғы 17 маусымда Ташкент қаласында орыс және қытай тілдерінде жасалған Шанхай ынтымақтастық ұйымы Өңірлік терроризмге қарсы құрылымының деректер банкі туралы келісімнің орыс тілінен қазақ тіліне аударылған аудармасы болып табылатынын куәландырамын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ұ л т т ы қ қ а у і п с і з д і к к о м и т е т і н і н

Кадрлар департаменті 5-басқармасының бастығы